

«2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»
мәселе бойынша
ҚР Парламенті Сенатының пленарлық отырысындағы
ҚР Ұлттық Банкі Төрағасы Т. Сүлейменовтің баяндамасы
Астана қ., 2023 жылғы 23 қараша

Құрметті Мәулен Сағатханұлы!

Құрметті депутаттар!

Елімізде макроэкономикалық жағдай тұрақталып келеді. Қазір экономиканың өсіп, инфляцияның едәуір төмендегені байқалып отыр.

Қазақстанның **жалпы ішкі өнімі** 10 айда **4,9%-ке** өсіп, оң динамиканы сақтап қалды. Ауыл шаруашылығынан басқа, экономиканың барлық секторында өсім бар.

Іскерлік белсенділік индексі қыркүйек айындағы 49 көрсеткішінен қазан айында **49,6-ға** дейін, өндірістегі көрсеткіш **51,6-ға** дейін көтерілді. Барлық секторда **бизнес-климат индексі** оң қалпында қалды.

Жылдық инфляция ақпандағы **21,3%-тен** қазан айында **10,8%-ке** дейін **төмендеді**. Сыртқы инфляциялық қысымның әлсіреуі, Ұлттық Банк жүргізіп отырған ақша-кредит саясаты, Үкімет қабылдаған шаралар инфляцияның төмендеуіне ықпал етті.

Жылдық инфляция төмендейтін болады және алдағы айларда **бір таңбалы** мәнге өтеді деп күтеміз. Алдағы уақытта жоғары базаның шығуын ескерсек, инфляцияның төмендеу қарқыны бәсеңдейді, бірақ сақталады. Сондықтан жылдық

және айлық инфляцияның көрсеткіштерін және олардың таргет деңгейіне жақындауын мұқият қадағалайтын боламыз.

Ұлттық Банк инфляцияның біртіндеп тұрақталып келе жатқанын ескеріп, **тамыз** және **қазан** айларында базалық ставканы **16,75%-тен 16%-ке** дейін екі рет төмендетті.

Алайда, инфляция баяуласа да, ол таргеттен жоғары деңгейде тұр. Сонымен қатар, мынадай жекелеген **тәуекелдерге** ерекше назар аударған жөн:

Біріншіден, сыртқы сектордағы тәуекелдер: әлемдегі базалық инфляцияның тұрақтылығы, жекелеген сауда әріптес елдер тарапынан инфляциялық қысымның артуы, мұнай бағасының жаһандық инфляцияға әсері және геосаяси тәуекелдер.

Екіншіден, ішкі экономиканы **фискалдық** ынталандыру, орнықты ішкі **сұраныс** және жоғары **инфляциялық күтулер** тарапынан бағаларға қысым сақталып отыр. Сонымен бірге коммуналдық қызметтер мен жанар-жағармай бағасының өсуінен инфляцияның арту тәуекелі бар.

Құрметті депутаттар!

Инфляция – орнықты экономикалық өсу мен әлеуметтік тұрақтылықтың басты сын-қатері. Сондықтан экономика сарапшыларының пікірінше, қазіргі таңда ең маңызды міндет – инфляцияны тұрақтандыру.

Ұлттық Банк инфляцияны әрі қарай тұрақтандыру үшін **дезинфляциялық** саясатты жалғастырады. Ұлттық Банк

инфляция динамикасын және мемлекет дамуының өзге де макроэкономикалық параметрлерін қадағалап, ақша-кредит саясаты бойынша жан-жақты сараланған, теңгерімді шешімдер қабылдайтын болады.

Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп **Инфляция деңгейін бақылау және төмендету бойынша 2023-2024 жылдарға арналған шаралар кешенін** іске асыруды жалғастырады.

Инфляциялық процестерді тежеу аясында **мемлекеттік қаржыны теңгерімді ету** және оның **мұнай түсімдеріне тәуелділігін** төмендету бойынша реформалардың қажеттігін де атап өткен жөн. **2024** жылдан бастап республикалық бюджеттің параметрлерін қалыптастыру мен нақтылау кезінде бюджеттік **жоспарлау сапасын**, мемлекеттік **шығыстардың тиімділігін** арттыру және **контрциклдық бюджет қағидаларын** қатаң сақтау қажет деп санаймыз.

Осындай ортақ жұмысымыз, инфляцияның орта мерзімді **5%-тік** деңгейіне қол жеткізуге және қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуіне қолайлы макроэкономикалық жағдай жасауға ықпал етеді деп сенеміз.

Назарларыңызға рақмет!